

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2012 жылғы 5 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1080 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2012 жылғы 5 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

2012 жылғы 5 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы

ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер

кылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасауда ынтымақтастықты дамытуға маңызды мән бере отырып және өзара іс-қимыл жасауды үйлестіруге ұмтыла отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшылары кеңесінің қалыптасуы мен даму қажеттілігін негізге ала отырып ,

төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

2012 жылғы 5 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесін құру туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қаржы барлау бөлімшелері басшыларының кеңесі туралы

ереженің 5-тарауына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 5.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеңестің қызметін ұйымдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуді
Х а т ш ы л ы қ жү з е г е а с ы р а д ы .

Кеңестің шешімі бойынша Хатшылықтың функцияларын, оның ішінде тұрақты негізде, осы Келісімге қатысушы мемлекеттің қаржы барлау бөлімшелерінің бірі орындайды. Осы функцияларды қаржы барлау бөлімшесі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінің тиісті құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп о р ы н д а й д ы .

Хатшылықтың басшысы Хатшылықтың функцияларын орындау жүктелген қаржы барлау бөлімшесінің өкілі, ал Хатшылық басшысының орынбасары - ТМД Атқарушы комитетінің өкілі болып табылады».

2. 5.3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Хатшылықтың басшысын Хатшылықтың функцияларын орындау жүктелген қаржы барлау бөлімшесі басшысының ұсынуы бойынша Кеңес бекітеді».

2 - б а п

Осы Хаттама қол қойылған кезден бастап уақытша қолданылады және оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап 30 күн ө т к е н с о ң кү ш і н е е н е д і .

Мемлекетішілік рәсімдерді кейін орындаған Тараптар үшін осы Хаттама депозитарий тиісті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2014 жылғы 10 қазанда Минск қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды . Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан	Республикасы	үшін	Ресей	Федерациясы	үшін
Армения	Республикасы	үшін	Тәжікстан	Республикасы	үшін
Беларусь	Республикасы	үшін	Түрікменстан		үшін
Қазақстан	Республикасы	үшін	Өзбекстан	Республикасы	үшін
Қырғыз	Республикасы	үшін	Украина	үшін	

Молдова Республикасы үшін